

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

2023 жылғы 13 желтоқсан

### **KASE 2023 жылғы қараша бойынша биржалық нарық жұмысының қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылғы қарашадағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- 2023 жылғы қарашада KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 41,5 трлн теңгені құрады және қазан айымен салыстырғанда 3,1%-ға немесе 1,3 трлн теңгеге төмендеді.
- Қараша айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 3,3%-ға өсіп, 4 167,17 тармақты құрады.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 2,1%-ға, яғни 26,8 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі, керісінше, 1,0%-ға 13,7 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2023 жылғы 01 желтоқсандағы жағдай бойынша KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде 227 эмитенттің 627 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2023 жылғы 01 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 687,9 мың дербес шоты болды. Қараша айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 2 657 жаңа дербес шотты тіркеді.

### **НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР**

2023 жылғы қараша айында Биржаның қатысуымен KASE-нің 30 жылдығын атап өту аясында бірқатар ауқымды іс-шаралар өткізілді:

- ТМД елдері биржаларының халықаралық қауымдастығы (ТМД ХБА) мүшелерінің жалпы жылдық жиналысы және ТМД ХБА валюта және қор биржаларының Дөңгелек үстелі.
- Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) Бас Ассамблеясы, оның Басқармасы мен Аудит жөніндегі комитетінің отырыстары. Ассамблея шеңберінде капитал нарығы туралы Стратегиялық сессия және Дөңгелек үстел өткізілді, оның барысында федерацияға қатысушы биржалардың жаңалықтары мен даму перспективалары талқылады.
- Қазақстан қаржыгерлерінің XI Конгресі шеңберінде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" ЗТБ қолдауымен "Биржалардың қаржы нарықтарын трансформациялаудағы рөлі" халықаралық биржалық форумы өткізілді. Форумда халықаралық және қазақстандық сарапшылар қаржы нарықтарын дамытудың әлемдік үрдістерін, реттеушілік өзгерістер және олардың бизнес-ортаға әсерін; өтімділікті арттыру, жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау саласында дамушы нарықтар тап болатын сынақтар мен мүмкіндіктерді; қаржы өнімдері мен қызметтері нарығының ландшафтына цифрлық инновациялардың революциялық әсерін; қаржы нарығының жаһандық ESG-күн тәртібін іске асырудағы маңызды рөлін талқылады.
- Халықаралық биржалық форум аясында серіктестерді, листингілік компанияларды және KASE мүшелерін, сондай-ақ Қазақстанның қор нарығын дамытуға елеулі үлес қосқан қаржы секторының сарапшылары мен жетекші мамандарын марапаттау рәсімі өтті.

### **Бизнеске арналған іс-шаралар**

Инвесторларға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына және БАҚ өкілдеріне арналған "Эмитент күні" жобасы шеңберінде KASE "Қазақтелеком" АҚ және "ҚазТрансОйл" АҚ

басшылығымен онлайн кездесулер өткізді. Аталған бас қосулар барысында компаниялардың 2023 жылдың 9 айындағы қызметінің қорытындылары талқыланды.

10 қарашада KASE-де KEGOC акциялары сауда-саттығының ашылу салтанаты өтті. Осынау рәсімде KASE Басқарма Төрайымы А. Алдамберген, ҚНРДА Төрағасының орынбасары М. Хаджиева, "KEGOC" АҚ аға тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі Н. Аханзарипов, "SkyBridge Invest" АҚ Басқарма Төрайымы Ш. Айнабаева сөз сөйледі. KEGOC KASE сауда-саттық жүйесінде өткізген SPO қорытындысы бойынша 18,7 млрд теңге немесе орналастырудың жалпы көлемінің 82,4% тартты.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2023 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 26,8 трлн теңгені (58,4 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың осыған ұқсас көрсеткішінен 555,0 млрд теңгеге немесе 2,1%-ға жоғары. Өсудің негізгі үлесі акцияларының бағаларына түзету жүргізген индекстік компаниялар тиесілі болып отыр.

Қараша айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 84 эмитенттің 99 атауындағы акциялар болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атауындағы акциялар "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Қараша айында акциялармен сауда-саттық көлемі 29,5 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 8,3%-ға немесе 2,2 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл ретте мәмілелер саны 51,6%-ға өсіп, 125 194-ке жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1 340,1 млн теңгені (қайталама нарықта – 491,2 млн теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 5 691 (қайталама нарықта – 3 989 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 235,5 мың теңгені (қайталама нарықта – 123,2 мың теңге) құрады.

Бастапқы нарық көлемі 18,7 млрд теңгеге бағаланады, барлық көлем "KEGOC" АҚ SPO-ға түсті. Басым сатып алу шеңберінде жалпы сомасы 3,9 млн теңгеге 8 мәміле жасалды. Жария ұсыныс нәтижелері бойынша эмитент 12 604 661 акцияны сатып алуға берілген 37 444 өтінімді қанағаттандырды. KASE-де қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық көлемі 18,7 млрд теңгені немесе орналастырудың жалпы көлемінің 82,4%-ын құрады. Жеке тұлғалардың шоттарына орналастыру нәтижелері бойынша 12,6 млрд теңге сомасына (KASE-де орналастыру көлемінің 67,6%) қағаздар түсті, институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтінімдер көлемі 4,4 млрд теңгені (орналастыру көлемінің 23,4%), заңды тұлғалар өтінімдері - 1,7 млрд теңге сомасын (орналастыру көлемінің 9,0%) құрады.

Қараша айындағы қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 10,8 млрд теңгені құрады, бұл қазан айындағы көрсеткіштен 20,4%-ға немесе 2,8 млрд теңгеге төмен.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 56,0%-ы тиесілі болды. Банкердің үлесіне 2,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 17,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 7,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 17,2% тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 17,1% құрады.

## KASE ИНДЕКСІ

Қараша айында KASE Индексінің мәні 3,3%-ға өсіп, айдың соңына қарай 4 167,17 тармақты құрады. KASE индексі тарихи максимумды 28 қарашада 4 176,23 пункт деңгейінде жаңартты.

2023 жылғы қарашада индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 8,9 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қазандағы көрсеткіштен 29,5%-ға немесе 3,7 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жай акцияларына - 2,7 млрд теңгеге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 29,8%) тиесілі болды.

### KASE өкілдік тізіміне кіретін акциялардың бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, акция үшін теңгемен			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.12.23	01.11.23	Δ, %	қараша	қазан	Δ

"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	976,05	835,00	+16,9	515,1	842,0	-326,8
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	164,01	149,60	+9,6	953,7	814,5	+139,2
Kaspi.kz АҚ	KSPI	46 300,00	45 096,00	+2,7	370,3	441,4	-71,1
"ҚазМұнайГаз" ҰҚ" АҚ	KMGZ	11 595,00	11 400,00	+1,7	2 658,9	209,5	-2 550,6
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	31 999,00	31 500,00	+1,6	548,7	538,0	+10,7
"Кселл" АҚ	KCEL	1 949,99	1 945,00	+0,3	485,3	838,9	-353,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	863,74	864,86	-0,1	694,1	365,6	-1 671,5
АО "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ	KZAP	18 190,00	18 398,00	-1,1	847,1	199,9	-352,8
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 486,71	1 530,15	-2,8	1 860,6	428,2	+1 432,4

Әсу қарқыны бойынша екінші ай қатарынан "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары көшбасшы болып қалды. Қарашаның қорытындысы бойынша олардың бағасы акция үшін 16,9 %-ға 976,05 теңгеге дейін өсті. 2023 жылдың 01 қарашасында Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі Банк депозиттерінің ұзақ мерзімді рейтингтерін бір сатыға, Ba3-тен Ba2-ге дейін көтерді және депозиттердің ұзақ мерзімді рейтингтері бойынша позитивті болжамды сақтады. 14 қарашада "Банк ЦентрКредит" АҚ 2023 жылдың тоғыз айындағы нәтижелері туралы есеп берді. Банктің таза пайыздық кірісі 56,3 %-ға дейін өсіп, 150,1 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың тоғыз айында жиынтық таза пайда 18,6 %-ға төмендеп, 103,6 млрд теңгеге жетті.

Есептік айда әсу қарқыны бойынша екінші орында бағасына 9,6 % қосқан "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акциялары тұр. 2023 жылдың 01 қарашасында Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі Халық банктің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингтерін Baа2 деңгейінде растап, болжамды тұрақтыдан позитивті деңгейге өзгертті. 17 қарашада Top 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелер туралы есеп берді, оған сәйкес шоғырландырылған таза пайда 30,8 %-ға өсіп, 537,3 млрд теңгеге жетті.

Екі ай қатарынан төмендегеннен кейін 2,7 %-ды қалпына келтірген Kaspi.kz АҚ-ның қарапайым акциялары көшбасшылар үштігіне кірді. Top 2023 жылдың тоғыз айы үшін қазан айының соңында есеп берді. Есеп аясында 100 миллион долларға ЖДҚ кері сатып алудың жаңа, алтыншы бағдарламасы жарияланды және акцияға 850 теңге деңгейінде тоқсандық дивиденд ұсынылды. 21 қарашада Kaspi.kz АҚТЖ 2023 жылдың үшінші тоқсанында акцияға шаққанда 850 теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Бірінші және екінші тоқсанда компания акцияға 750 теңгеден дивиденд төледі. Үш тоқсанның қорытындысы бойынша дивидендтік кірістілік акцияның ағымдағы құнына 5,1 % құрайды.

Қызыл аймақта айды аяқтаған акциялардың үштігін "ҚазТрансОйл" АҚ-ның қарапайым акцияларын ашады, олар 0,1 %-ға азайғанын тіркеді. 16 қарашада "ҚазТрансОйл" АҚ Ақтау портынан қазақстандық мұнай экспортын 2023 жылдың 10 айында 54 %-ға 2,8 млн тоннаға дейін ұлғайғаны, сондай-ақ Германияға 690 мың тонна мұнай жеткізілгені туралы есеп берді. 27 қарашада компания шоғырландырылған таза кірістің 32,3 %-ға 33,3 млрд теңгеге дейін өсуі туралы есеп берді.

Ай ішінде төмендеу қарқыны 1,1 % болған "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ қарапайым акциялары қарашаны екінші орында аяқтады. 01 қарашада уран компаниясы 2023 жылдың тоғыз айындағы операциялық нәтижелерін ұсынды. Өндіріс көлемі 1 %-ға 15,3 мың тоннаға дейін төмендеді, сату көлемі 8 %-ға 13,3 мың тоннаға дейін төмендеді, бұл ретте өткізу бағасы 13 %-ға фунт үшін 48,3 долларға дейін өсті. Компания 2023 жылдың соңына дейін кіріс болжамын 1,3-тен 1,4 трлн теңгеге дейін ұлғайту жағына қайта қарады. 24 қарашада "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша таза пайданың 1,7 %-ға 300,974 млрд теңгеге дейін қысқарғаны туралы есеп берді.

### "KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың қараша айының аяғында "KASE Global" секторында 52 шетелдік эмитенттің 54 бағалы қағаздары, оның ішінде 45 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттердің 9 ETF-ы болды.

KASE Global секторындағы сауда-саттық көлемі қарашада 1,4 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 52,9 % немесе 1,6 млрд теңгеге төмендеді. Бұл ретте мәмілелер саны 25,1 %-ға 6 068 дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 65,4 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 276, бір мәміленің орташа көлемі – 237,2 мың теңгені құрады.

Айдың қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- Tesla, Inc. – жалпы сомасы 221,0 млн теңгеге 388 мәміле.
- Apple Inc. – жалпы сомасы 158,8 млн теңгеге 391 мәміле;
- Intel Corporation – жалпы сомасы 96,7 млн теңгеге 354 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне мәмілелердің жиынтық көлемінің 29,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 8,5 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 61,7 % тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 1,5 %-ды құрады

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік қарыз көлемі 2023 жылдың қарашасында 1,0 %-ға немесе 137,7 млрд теңгеге дейін төмендеп, 13,7 трлн теңгені (29,8 млрд USD) құрады.

2023 жылдың қарашасының аяғында KASE ресми тізімінде 96 эмитенттің 386 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. 2023 жылдың қараша айында KASE ресми тізіміне 11 эмитенттің (екі жаңа) корпоративтік облигацияларының 13 шығарылымы: "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ екі шығарылымынан, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ, "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС, "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ, "Магистральный Водовод" ЖШС, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС, **"Black Biotechnology (Блэк Биотехнолоджи)" ЖШС және "Orbis Leasing" ЖШС** бір шығарылымнан енгізілді.

2023 жылдың қарашасында айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен сегіз эмитенттің корпоративтік облигацияларының тоғыз шығарылымы: "ОАЭК" АҚ, "КазАгроҚаржы" АҚ, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС, "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "ТехноЛизинг" ЖШС, "ТССП Групп" ЖШС бір шығарылымынан және "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ-ның екі шығарылымы алынып тасталды.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2023 жылдың қарашасында 16 базистік тармаққа жылдық 14,37 %-ға дейін төмендеді.

KASE-дегі корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі қазан айымен салыстырғанда 39,7 %-ға немесе 35,1 млрд теңгеге дейін өсіп, 123,5 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 5,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 214 мәміле (қайталама нарықта – 193 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 26,3 млн теңгені (қайталама нарықта – 14,1 млн теңге) құрады.

2023 жылдың қараша айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 63,9 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың қазанындағы көрсеткіштен 3,2 есе немесе 43,6 млрд теңгеге жоғары:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 14,07–14,64 % және өтеу мерзімі 0,8 жылдан 1,8 жылға дейінгі екі облигация шығарылымын орналастыра отырып, 39,9 млрд теңге тартты;
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 29,80 % және өтеу мерзімі 9,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 9,3 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 21,00 % екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 4,5 млрд теңге тартты;
- "Алтын Сапа ALM" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 25,00 % және өтеу мерзімі 1,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 1,6 млрд теңге тартты;
- "Black Biotechnology (Блэк Биотехнолоджи)" ЖШС жылдық 21,50 %-бен үш жылдық "жасыл" облигацияларды орналастырып, 1,5 млрд теңге тартты;

- "Ел Орда Арнау" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 25,00 % және өтеу мерзімі 1,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 1,5 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 42,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 2,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 17,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 18,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 19,5 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 14,8 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2023 жылдың қазанымен салыстырғанда 12,5 %-ға немесе 8,5 млрд теңгеге төмендеп, 59,7 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 22,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 3,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 5,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 55,3 %, жеке тұлғалардың үлесі – 13,3 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 17,3 %-ды құрады.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

KASE-де саудаланатын номиналы бойынша мемлекеттік қарыз сомасы 24,3 трлн теңгені (53,0 млрд USD) құрап, қарашада 7,6 %-ға немесе 2,0 трлн теңгеге төмендеді.

KASE-дегі МБҚ-мен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 345,1 млрд теңгені құрап, қазан айымен салыстырғанда 24,5 %-ға немесе 111,8 млрд теңгеге төмендеді. 2023 жылдың қараша айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 15,7 млрд теңгені (қайталама нарықта – 9,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 13 (қайталама нарықта – 11), бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,8 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 28,2 %-ға немесе 51,7 млрд теңгеге төмендеп, 131,9 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 38,8 млрд теңгені тоғыз облыс әкімдіктері тартты (мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында қарастырылған іс-шараларды қаржыландыру мақсатында). Қаржы министрлігі жылдық 11,70-13,20 % және өтеу мерзімі 4,1-ден 12,8 жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 93,0 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 5,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 4,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 58,2 %, өзге де заңды тұлғалардың үлесіне – 32,4 % тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттыққа қатыспады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 22,0 % немесе 60,0 млрд теңгеге төмендеп, 213,2 млрд теңгені құрады. Ұлттық Банктің ноталарымен сауда-саттық үлесі қайталама нарықта сауда-саттықтың жалпы көлемінің 72,0 % немесе 153,5 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 24,8 % немесе 52,8 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигацияларының үлесі – 0,3 % немесе 616,3 млрд теңгені құрады. Қалған 2,9 % немесе 6,3 млрд теңгені құрайтын көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің және Австрия Республикасының облигациялары) жасалған мәмілелерге тиесілі.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта банктердің үлесіне 53,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 2,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 11,0 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 31,6 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 2,2 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 3,5 %-ға бағаланады.

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Қарашаның аяғында KASE-нің сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымының 59 шығарылымының облигациялары: Еуразиялық даму банкінің 27 шығарылымы, Еуропа қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2023 жылдың қараша айында ресми тізімге екі халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының үш шығарылымы: Еуразиялық даму банкі облигацияларының бір шығарылымы және Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы енгізілді.

Қарашада халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 64,8 % немесе 8,0 млрд теңгеге өсіп, 20,3 млрд теңгені құрады. Сауда-

саттықтың орташа күндік көлемі 923,1 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – екі мәмілені, бір мәміленің орташа көлемі – 534,4 млн теңгені құрады.

Бастапқы нарықта Халықаралық қаржы корпорациясы жылдық 13,65 % және жылдық 13,90 % және өтеу мерзімі тиісінше 2,6 жылға және 4,6 жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 13,2 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың қараша айында брокерлердің үлесі 62,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 37,3 % болды. Бейрезиденттер ХҚҰ-ның бастапқы нарығындағы сауда-саттыққа қатыспады.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 7,1 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың қазанына қарағанда 2,9 есе немесе 4,6 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың қарашасында брокерлердің үлесі 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 48,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 49,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,1 % болды. Бейрезиденттердің қатысуы 35,5 % болып бағаланады.

### **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ**

2023 жылдың 01 желтоқсанында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының 18 құралы және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 683,5 млн теңгені құрап, 2023 жылдың қазанымен салыстырғанда 70,3 %-ға немесе 1,6 млрд теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,2 % – жеке тұлғалардың, 34,6 % – брокерлік-дилерлік ұйымдардың, 16,2 % – өзге заңды тұлғалардың еншісіне тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 2,6 %-ды құрады.

### **ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

2023 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2023 жылдың қараша айында сауда-саттық көлемі 64,4 млн теңгені құрап, 2023 жылдың қазанымен салыстырғанда 48,1 %-ға немесе 59,6 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 49,6 % – жеке тұлғалардың, 36,7 % – брокерлік-дилерлік ұйымдардың және 13,7 % – өзге заңды тұлғалардың есебіне тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды.

### **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ**

2023 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 687,9 мың жеке шоттары болды. Қараша айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 2 657 жаңа жеке шотты тіркеді.

### **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ**

Ағымдағы жылдың қараша айында KASE-дегі шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE-нің 35 мүшесі қатысты.

Шетелдік валюталар нарығындағы сауда-саттық көлемі қазан айымен салыстырғанда 36,5 %-ға 2,7 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 124,8 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 761, бір мәміленің орташа көлемі – 164,0 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада өткен айға қарағанда көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Қарашаның аяғындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	4 466,2 (+30,0 %)	75,3 % (-6,1 %)	11 229 (+530)	455,60-471,10	458,24 (-2,4 %)
RUB/KZT	50 986,6 (+65,4 %)	9,5 % (+2,0 %)	4 400 (-24)	4,9636-5,2535	5,1736 (+1,4 %)
CNY/KZT	196,2 (-36,6 %)	0,5 % (-0,5 %)	148 (+9)	63,4000-64,9900	64,1886 (+0,2 %)
EUR/KZT	73,2 (+20,9 %)	1,3 % (-0,2 %)	341 (+39)	493,76-506,37	501,50 (+0,5 %)
EUR/USD	348,8 (x2,3)	6,4 % (+2,5 %)	546 (+11)	1,0549-1,1007	1,0950 (+2,9 %)
USD/CNY	414,4 (x2,1)	7,0 % (+2,3 %)	80 (+26)	7,1342-7,3394	7,1556 (-2,4 %)
EUR/CNY	0,1 –	<0,1 % (+0,002 %)	1 (+1)	7,8265	7,8265 –

### АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі қарашада 38,2 трлн теңгені құрап, қазан айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 5,0 %-ға немесе 2,0 трлн теңгеге төмендеді.

27 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 15,75 % деңгейіне дейін 25 тармаққа төмендетуді шешті. Тиісінше, өтімділікті ұсыну бойынша тұрақты рұқсаттама операциялары бойынша мөлшерлеме 16,75 %, өтімділікті алу бойынша тұрақты рұқсаттама операциялары бойынша – 14,75 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған мәнді білдіретін MM\_Index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюта свопы операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні жылдық 16,39 %-дан 16,28 %-ға дейін 11 п.т. төмендеді.

### РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қараша айында репо операцияларының жиынтық көлемі 31,5 трлн теңгені құрады, бұл қазан айындағы көлемнен 1,1 трлн теңгеге немесе 3,4 %-ға төмен. Орташа күндік көрсеткіште операциялар көлемі 1 430,8 млрд теңгені, мәмілелердің орташа көлемі – 1 645,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа саны – 869 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 23 286,0 млрд теңгені немесе 74,0 %-ды, МеБҚ-мен авторепо – 8 175,0 млрд теңгені немесе 26,0 %-ды, МеБҚ-мен тікелей репо – 11,2 млрд теңгені немесе 0,04 %-ды, МБҚ-мен тікелей репо – 4,4 млрд теңгені немесе 0,01 %-ды құрады.

Қарашаның соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ Себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада бір жұмыс күні мерзіміне жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,79 %-дан 16,56 %-ға дейін 23 б.т. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ Себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір күн ішінде Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,75 %-дан 16,51 %-ға дейін 24 б.т. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланумен клирингілік қызметті жүзеге асыратын МБҚ Себетінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында

Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,44 %-дан 15,66 %-ға дейін 78 б.т. төмендеді.

### ВАЛЮТАЛЫҚ СВОПТЫҢ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Қарашада валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 6,8 трлн теңгені құрады, бұл қазан айындағы көлемнен 900,2 млн теңгеге немесе 11,7 %-ға төмен. Операциялардың орташа күндік көлемі 307,5 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 35, бір мәміленің орташа көлемі – 8,7 млрд теңгені құрады.

Аспаптық құрылымда 6 660,3 млрд теңге немесе 98,4 %, своп сауда-саттығының барлық дерлік көлемі USDKZT свопына, 104,0 млрд теңге немесе 1,5 %, – RUBKZT свопына, 1,6 млрд теңге немесе 0,1 % – EURKZT свопына тиесілі.

Валюта жұбы	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 937,9	6 346,5	43,4
	USDKZT_0_002	3 648,4	7 875,4	53,9
	USDKZT_0_01W	69,3	150,5	1,0
	USDKZT_0_01M	4,6	10,0	0,1
EUR/KZT	EURKZT_1_001	1,6	3,2	<0,1
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	1,9	382,2	<0,1
	RUBKZT_0_002	102,0	19 900,0	1,5

SWAP-1D (USD) бір күндік доллар свопының кірістілігі қарашаның аяғында жылдық 13,34 % құрады және бір айда 7 б.т. өсті. SWAP-2D (USD) екі күндік валюта свопының кірістілігі бір айда 32 б.т. төмендеп, жылдық 13,47 % болды.

### ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге бағамына, ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның қарапайым акцияларына жеткізілмейтін фьючерстер қолжетімді.

KASE индексінің фьючерстері бойынша KASE-де маркет-мейкердің міндетін "NGDEM Finance" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерстер бойынша – "Haluk Finance" АҚ орындайды.

Қарашада деривативтер нарығында мәмілелер жүргізілген жоқ. 01 желтоқсанда деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болмады.

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орынды және FEAS биржалары акцияларының нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.